

Мәртөк ауданы Саржансай ауылы №5 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін: 

Менгеруші: Бахбергенова Н.А

«ЭКОЛОГИЯ»

бағдарлама жоспары

«Гүлдер» тобы

2021-2022 оқу жылы

№5«Балбек» бөбекжай -бақшасы МКҚК-ның

Тәбиешісі Нурмухаммедова Т.Т. мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Экология»атты вариативтік бағдарламасына

П і к ір

Бағдарлама жас үрпақты тәрбиелеуде олардың жеке тұлғасының қалыптасуында өскен ортасы, табиғаттың әсемдігі, көгалдандырылуы-негізгі әлеуметтік факторлардың бірі екенін айқындайды. Балабақша бүлдіршіндеріне қоршаған ортамен таныстыра отырып, экологиялық тәрбие беру, бүгінгі күннің өмірлік талабы. Табиғат- сұлулықтың қайнар көзі, эстетикалық тәрбие берудің пәрменді құралы, балалардың әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп, талғам-қиялын дамытады.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың санасына экологиялық түсініктер мен адам- табиғаттың бір бөлігі екендігін жеткізу. Адамның өмірі оның жеке басының жағдайы мен қоршаған әлеммен үйлесімді байланысында екендігін түсінетіндей құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Даны халқымыз «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендегі күтілген әсем аулада өмір сүрген үрпақ өскенде де, сондай ортада өмір сүруді мақсат етеді. Демек, әсемдікке бала жастайынан үйренсе, оны әрі қарай іске асыру көп қызындық тудырмайды. Балалардың жас ерекшелігіне сай ҰОІӘ мазмұны құрылды. Балаларға «өлі және тірі табиғат»туралы түсінік беріледі. Өлі табиғат заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажыратуға үйрету «Табиғаттағы маусымдық өзгерістер», «Өсімдіктер әлемі», «Жануарлар әлемі», «Табиғат аясында өзін-өзі ұстая ережесі» бөлімдері қамтылған. Сонымен қатар экологиялық қауіпсіздіктің алғашқы дағдыларын және адам денсаулығы қоршаған орта мен өзін-өзі ұстаяуына байланысты екендігі жайлы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Халықтық тәрбие талғамындағы асыл мұралардың бірі табиғатқа үлкен құрмет, зор ілтипатпен қарауы, сондай-ақ оны көздің қарашығында сақтап, жас үрпаққа тәрбиелік мәні бар аныз әңгімелер, ұлағатты терең ойлар жеткізе білуінде. Үлкендердің балаларға «көкті жүлма», «құсты атпа», «су-анасы бұлақ»,-деген сөздерінің мағынасы терең, тәрбиелік мәні зор. Бағдарлама экологиялық тәрбиені құнделікті өмірмен байланыстыра жүргізу мақсатында жазылған. Тәрбие жұмысы бағдарламалық талап-талғамға сай, адамгершілік- имандылық, эстетикалық-еңбек тәрбиелерімен сабактастыра жүргізуді басшылыққа алған. Бұл бағдарламаның басты мақсаты-балалардың туған табиғатқа деген жанашырлық көзқарасын оятып, қалыптастыру болып табылады.

Бағдарламаның тиімділігін ескере отырып, қалалық мектепке дейінгі балаларға білім беру мекемелерінде «Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі»атты бағдарламаны қолдану ұсынылады.

Түсініктеме

№5 «Балбебек» бөбек-бақшасы МКҚҚ балаларды жан-жақты дамуына жағдай жасап отырған білім мекемелерінің бірі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Бала-біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Балабақша бұлдіршіндеріне қоршаған ортамен таныстыра отырып, экологиялық тәрбие беріледі.

Бұл- дағы табиғаттың бар асылы,

Көркейген келбетімен дала сыны.

Ақ қайың, жасыл желең қарағайлар,

Секілді-ау көзіміздің қарашиғы, - деп ақын жырлағандай,

табиғаттың әдемі келбетін аялау, адамгершілік борыш, азаматтық асыл парызы Эстетикалық тәрбие баланың бойындағы әдемілік, әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп, табиғат сұлулығын танып, сезіне білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілеті, талғам-қиялын, көзін ашқан бұлақтай дамыту. Осы тұрғыдан табиғат балаларға эстетикалық тәрбие берудің бірден-бір құралы болып табылады. Айнала қоршаған орта, орман, су, тау, тас, жайқалған жасыл желең, құстардың сайраған әсем дауысы, жануарлар дүниесі -олардың барлығы балаларға әсер етіп, назарларын аударып, табиғат әсемдігі туралы білімдерін толықтырады. Балаларды ауладағы ағаштар мен гүлдерді, бөлме өсімдіктерін суғаруға, бастап күтүге үйрету арқылы өсімдіктер әлемінің қыр-сырын ұғындыра түсумен қатар, еңбекке баулуға да мол мүмкіндік алады. Көптеген дамыған елдерге көз салар болсақ, Венгрияда арнайы гүл маманы тіpten жоқ екен. Себебі ол елдің заңына сәйкес әрбір азамат гүл өсіріп, көгалдандыруды өзінің міндеті деп есептейді. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дегендей, жалпы өміріміздің өсімдіктер әлемімен тікелей байланыста екенін естен шығармауымыз керек. Егер өсімдіктердің маңыздылығын балаларға көзірден бастап насихаттайтын болсақ, олардың бойларын табиғат әлеміне деген сүйіспеншілікке, мейірімге үйретеріміз даусыз. Бүкіл дүние жүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына зор үлес қосқан ұлы бабамыз Эль-Фараби өзінің педагогикалық мұрасында : Тәрбие процесінің алатын орны. Тәрбие жұмысында барлық уақытта жоғары мақсат-мұрат, іскерлік, ұйымшылдық, әділетті бағалау қатар жүруі шарт деген.. Балалардың экологиялық білімі мен тәрбиесін қалыптастыруда:

- Экологиялық сауаттылық;
- Экологиялық мәдениетті балалардың бойына жас ерекшеліктеріне сәйкес бойына сініре білу.

«Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі» бағдарламасының мақсаты, міндеттері:

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауына сай келетін қарапайым экологиялық білім беру;

Табиғат әлеміне танымдық қызығушылығын арттыру;

Табиғи нысаналар мен құбылыстарды бақылау дағдыларын

қалыптастыру;

Табиғат аясында өзін-өзі ұстаудың қарапайым жолдары мен күнделікті өмірде табиғатты жүйелі түрде пайдалану дағдыларын дамыту;

Өзінің табиғатқа қарсы жасаған іс-әрекетінің аяғы немен аяқталатынын көру, сезіну дағдыларын қалыптастыру;

Табиғат әлеміне адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу;

Бағдарламада материалдардың тақырып бойынша жүйеленіп берілуі ересек жастағы балалардың қоршаған әлемді тануда әртүрлі тиімді тәсілдерді менгеруіне, еңбек адамдары туралы түсінік беруге, өзінің туған жеріне, еліне деген патриоттық сезімдерін дамытуға, жер планетасына деген қамқорлыққа тәбиелеуге көмектеседі.

Дамыту ойындары, танымдық әңгімелер, саяхаттар, ойындық жаттығулар, көрнекілік жас ерекшелікке сай іріктеліп алынған. Сөйлеу тілін, сөздік қорларын дамытуға және жаңа сөздерді бекітуге ерекше көңіл бөлінген. Теориялық мәліметтердің қысқаша мазмұны балалардың қиялымен сәйкестендіріледі.

Хормен айту тәсілін қолдана отырып, сөздік қорларын арттыру және жаңа сөздерді бекіту, танымдық, сөздік әрекеттерін кіріктіруге ерекше көңіл бөлінеді.

Ойларын, денелерін сергітуге арналған сергіту сәттері, саусақ жаттығулары, психо жаттығулар іріктеліп алынған. Сабактарда оқылатын «Судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы», «Табиғат қандай болады?», т.б. балаларға жақын және түсінікті тақырыптарға арналған картиналар жинағы ұсынылады.

Оқу құралында сабактардың әртүрлері: дидактикалық ойындармен берілген заттардың өзін қарастыру: суреттерді қарау, тірі объектілерді бақылау, серуенге шығу, қорытынды әңгіме, т.б. орын алған. Оқу құралын құрастырғанда С.Н.Николаева, А.А. Вахрушев, Е.Е. Кочемасова, Н.В. Алешина, Р.Н. Бунеев, Т.Р.Кислова т.б. педагогтардың тәжірибелері қолданылған.

Бірақ аптасына бір рет ұзақтығы 25-30 мин. болатын бір сабак балаларды табиғат құбылыстарымен және қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыруға жетпейді, сондықтан бұл жұмыс балабақшадағы бос уақытта және үйде ата-аналарымен жалғастыруға көп мән беріледі.

«Гүлдер»тобы

«ЭКОЛОГИЯ» бағдарламасының жоспары.

№	тақырыбы	Мақсаты	сағат саны
1	Табиғат туралы не білеміз?	Ерте жастан бастап балалар табиғат, коршаған ортаның тірі табиғат үшін маңызын түсінеді, Адамдар енбегін бағалай алады.	1
2	Әдемі гүлдер.	Балалар дала және бөлме гүлдері туралы білім алады, Гүлдердің алуан түрлілігін салыстырып бақылай алады.	1
3	Тамшылар сыр шертеді.	Ерте жастан балалар судың қасиеттерімен танысады, Су туралы алған білімін айта алады.	1
4	Біз ауаны көре аламыз ба?	Балалар әр түрлі әдістер арқылы ауаны қалай білуге болатынына қызығушылық танытады (ыдыста, суда, резенке қапта, құмда, шарда т.б.). Болған құбылыска, тәжірибеге карап түсінгенін жеткізе алады.	1
5	Табиғат - сұлулықтың қайнар көзі.	Балалар табиғатқа және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін жеткізе алады. Қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылық таныта алады.	1
6	«Құстар біздің досымыз.»	Балалар құстардың бірнеше түрін айта алады, олардың тыныс – тіршілігі, пайдасы туралы түсінік таныта алады.	1
7	«Коршаған орта тазалығы.»	Балалар ерте жастан қоршаған ортаны, табиғатты таза ұстай білуді түсінеді, отырған жерлерін таза ұстауды, бүлдірмеу керектігін айта алады.	1
8	«Күн және сиқырлы кемпірқосак»..	Балалар күн және кемпірқосақпен танысуға қызығушылық танытады, олардың ерекшеліктерін айта алады.	1
9	«Табиғат-туған үйіміз».	Балалар өлі табиғат компоненттері: топырақ, құм мен таспен танысады, айырмашылығын атай алады.	1
10	«Су -өмір нәрі».	Судың қасиеттерін анықтау үшін тәжірибелер жасауда қызығушылық танытады, суды үнемдеп, ұқыпты пайдалана алады.	1
11	«Магниттің қасиеті»	Балаларға магнит туралы түсінік беру. Оның түрлі қасиеттерімен танысуға қызығушылық таныта алады.	1
12	«Қызыл кітап » туралы не білеміз?	Балаларға «Қызыл кітап» туралы түсінік алады, Осы кітапқа енген андар мен құстарға қамкор болу керектігін түсіне алады.	1

13	« Жанды табиғат және жансыз табиғат».	Жанды , жансыз табиғат туралы түсінеді,жанды және жансыз табиғатты ажыратып көрсете алады.	1
14	«Су туралы не білеміз?».	Балаларды судың қасиеті (дәмі,түсі,иісі) туралы айта алады, судың тіршілік иесі үшін қажеттілігі туралы түсінігін айта алады.	1
15	«Күз. Күзгі ағаштар» .	Күзгі табиғатты бақылайды, Емен және үйенкі ағашының сыртқы қарапайым өзгерістері туралы әнгімелей алады.	1
16	Бөлме өсімдіктері жұзылдық алоэ және аспедистра.	1.Алоэ және аспедистра өсімдіктерімен танысады,бөлме өсімдіктерін күтіп баптауга көмектесе алады	1
17	«Аквариумдағы балық. Шілтеркүйрық ».	Шілтеркүйрықпен танысады. Аквариумдағы балықтарға қамқорлық қарым-қатынас жасауга көмектесе алады.	1
18	«Аквариумдағы балық Шілтеркүйрық »	1.Шілтеркүйрықтың басқа балыктардан айырмашылығын біледі,балықтың жанды табиғатқа жатат ынын түсіне алады.	1
19	«Бөлме өсімдіктері алоэ және	1.Алоэ және аспедистра өсімдіктерінің құрылышымен айырмашылықтарын айтады,осімдіктерге жарық,ылғал,аяу қажет екеін түсіне алады.	1

	аспедистра»		
20	«Санырауқұлактар тар».	Санырауқұлактармен танысады, санырауқұлакпен улы боз арамқұлакты түріне қарап ажыратып, айта алады.	1
21	«Атжалман»	1.Атжалман өсімдігімен танысу.Күтіп баптауда көмек көрсете алады.	
22	«Ызғарлы қыс келді».	1.Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді айта алады(қар жауды,мұз қатты,боран болды)	1
23	«Пияз отырғызу»	1.Пияздың тұқымын себуді,отырғызуды жасай алады,оны күтіп –баптауда көмектесе алады.	1
24	«Бөлме өсімдігі. Қазтамак»	1.Қазтамақ өсімдігін танып,атай алады,гүлге күтім жасауға көмектесе алады.	1
25	«Арпа сеуіп үйренеміз».	Арпа сеуіп үйрету, өзінің еңбегін бағалай алады.	1
26	«Тиін»	1.Тиіннің қоректенуі тіршілігі туралы түсінеді,жануарлар әліміне қызығушылық таныта алады.	1
27	«Көктем кереметі Бөртегүл»	1.Көктемгі табиғат өзгерістерін байқай алады,топтағы суға салынған бөртегүл бұтағын бақылауда қызығушылық таныта алады.	1
28	«Бөлме өсімдігі Қазтамак»	1.Гүлді отырғызуың қарапайым әдістерімен танысады,адам күтімімен өсіп-жетілетіні туралы түсінік алады.	1
30	«Қанқыз және құмырсқа».	1.Қанқыз және құмырсқамен танысады,. Жәндіктердің тіршілігіне қызығушылық таныта алады.	1
31	«Балапанды бақылау»	1.Балапанды таниды,дене мүшелерін ажыратып атай алады.	1
32	«Көктем кереметі Бөртегүл».	1.Көктемгі ауа-райының ерекшелігін түсінеді,далада өсіп тұрган бөртегүлді бақылауга қызығушылық таныта алады.	1
33	«Шымшық».	1.Шымшықты таниды,оларқа қамқор болуды,жем салуды түсіне алады.	1
34	«Кірпі»	1.Кірпімен танысады. Кірпінің тіршілік ету ортасы туралы мәлімет алады.	1
35	«Көбелек пен инелік»	1.Көбелек және инелікпен қызыға танысады,олардың айырмашылығын байқап айта алады.	1

36	«Гүлзардағы раушангұл»	1.Гүлзардағы раушангұлмен танысады,басқа гүлдерден айырмашылығын танып айта алады.	1
----	------------------------	--	---

Барлығы:36 сағат

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. А.Манкеш «Бұлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру»
2. Т.И.Гризин ,Қ.А. Аймағамбетова , Г.Ж.Майкотова
«Дүниені танып білемін»